


Ұлттық мұрағат қорының құжаттары



Ұлттық мұрағат қоры – өмірі таусылмас, қоймасы ортаймас, өткен заманнан бүгінге дейінгі қатпар-қатпар кезеңдердегі еліміздің шаруашылығын, экономикасын, тыныс-тіршілігін кең түрде айқындайтын, тарихи, мәдени ескерткіштер және жеке тұлғалардың өмірін мәңгілікке тарихта қалдыратын ұлттық тарихи мұраның көзі. Мұрағат қоймасындағы шаң басқан сөрелерде былайғы жұрт біле бермейтін, сан ғасырлардың, яғни, адам және қоғам өмірін бейнелейтін, ата-бабалар шежіресін дәріптейтін, туған өлкемізге қатысты қаншама бай құжаттарының қорлары жатыр. Оның ішіне бүккен құпия сырларын мұрағат қызметін зерделеген адам ғана түсінеді.

Құрамы:

- 1) заңнамалық кесімдер және басқа да ресми құжаттар;
- 2) басқару, ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, технологиялық, патенттік-лицензиялық, картографиялық, геодезиялық, геологиялық, телеметриялық және басқа да арнайы құжаттамалар;
- 3) машинамен оқуға бағдарланған және дыбыстық-бейне құжаттамалар;
- 4) тарих және мәдениеттің деректі ескерткіштері;
- 5) жеке адамның ұлттық құндылық болып табылатын құжаттары және өзге де құжаттамалар;
- 6) Қазақстан Республикасының меншігіне түскен өзге де құжаттар.



Заң актілері және тағы да басқа ресми құжаттар

Заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен табыс ету, қабылдау, тіркеу, күшіне енгізу, өзгерту, толықтыру, олардың қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру, оларды жариялау ерекшеліктері олардың деңгейіне сәйкес, нормативтік құқықтық актілер қабылдайтын мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін заң актілерімен, осы органдардың құқықтық мәртебесін айқындайтын актілермен, соның ішінде олар туралы ережелермен және олардың регламенттерімен, басқа да нормативтік құқықтық актілермен айқындалады, бұған Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілердің жобаларына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен айқындалатын ерекшеліктер қосылмайды.

Машинамен оқуға бағдарланған және дыбыстық-бейне құжаттамалар

Мұрағаттардың тарихының зерттелуі бүгінгі күндері өз жалғасын табуда. Құжаттар, әсіресе электронды құжаттар мұрағатының жұмыс тәсілін бақылау теориялық және методикалық жағынан өте тиімді болып келеді. Жаңа заманғы сұраныстарға сәйкес электронды құжаттар мен мұрағаттардың зерттелуі мемлекеттің көп салада дамуына үлкен септігін тигізеді. Қоғамдық өмірде барлық құжаттардың маңыздылығы арта береді, яғни өз маңызын жоғалтпайды. Сонымен қатар саяси, идеологиялық салаларда қолданылудың аясы кеңейді. Негізгі бөлімінде және терминдерді түсіндіру барысында, электронды тасымалдаушыларда сақталатын ақпарат, электронды құжат болып табылады.

ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІҢ ДЕРЕКТІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

ҚР«Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңымен бекітілген ҚР Ұлттық мұрағат қоры – Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Ол ұлт игілігі ретінде мемлекет тарапынан қорғалады. Ондағы құжаттарда халқымыздың өткені бүгіні – маңызды тарихи оқиғалар, Қазақстан Республикасының қоғамының даму кезендері, көрнекті саяси және мемлекет қайраткерлерінің тағылымды өмірі, өнер, мәдениет және ғылым өкілдері туралы мәліметтер айғақтамасы бар. Тарихқа үңілсек, жазба деректерді жинастырып сақтау ісі, алғаш рет Мысырда, Ежелгі Грекияда, Қытайда, Римде, тағы да басқа елдерде мемлекеттік дәрежеде қолға алынған. Қазақстанда дербес мұрағаттың пайда болуы Бөкей ордасы архивімен (XVIII ғасыр) байланысты. Біздің елде архив жүйесі, негізінен, XX ғасырдың 20-30-жылдары қалыптасты. Ұлттық архив ісінің бастауында А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М. Жолдыбаев сынды қайраткерлер тұрды.

Жеке адамның ұлттық құндылық болып табылатын құжаттары және өзге де құжаттамалар

Құжаттарды Ұлттық мұрағат қорының құрамына енгізу құжаттардың құндылығын сараптау өлшемінің кешенді белгілерін пайдалану негізінде жүзеге асырылады:

1) құжаттардың шығу тегі – жеке және заңды тұлғалардың қоғамдағы орны (толықтыру көздерінің ерекше рөлін немесе үлгілік сипатын есепке алғандағы функционалдық-мақсатты бағыты); құжатта көрсетілген оқиғаның (құбылыстың, заттың) маңыздылығы; құжаттың пайда болған уақыты мен орны;

2) құжаттың мазмұны – құжаттағы ақпараттың мағынасы; ақпараттың басқа құжаттарда қайталануы; құжаттың мақсатты бағыты; құжаттың түрі мен түр өзгешелігі;

3) құжаттың сыртқы ерекшеліктері – түпнұсқалығы; құжатта қарардың, бұрыштаманың, белгінің болуы; құжаттың сыртқы көрінісі, мазмұнын жеткізудегі нысаны, құжатты куәландыру және ресімдеу (көркемдік, палеографиялық, тілдік және басқа да ерекшеліктері); құжаттың физикалық жай-күйі.